

Газет  
1948 ж.  
20 сәуірінен  
шыға бастады



№ 9 (1293)  
қараша  
2000 жыл

# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
РЕСПУБЛИКАРА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

27 ҚАРАШАДА МҮСЫЛМАН ӘЛЕМІНДЕ БЕС ПАРЫЗДЫҢ БІРІ - ОРАЗА БАСТАЛДЫ

## Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан!

**ОРАЗА** - ас-Саум (парсыша рузе, түрік-татарша ураза, сийам деген сөздің баламасы) - ауыз бекіту, исламның негізгі бес парызының бірі. Ораза ұстауды 624 ж. Мұхаммед белгілеген, ол исламға дейінгі тақуалық оқшауланудан алынған. Ораза кезінде тәуліктің күндізгі уақытында ас жеуге, сусын ішуге, шылым тартуға, есірткіш заттар қабылдауға, жубайлық міндеттерді атқаруға т.б. тақуалыққа кедергі жасайтын нәрселердің барлығына тыйым салынған. Қараңғы түскеннен кейін бұл тежеулер тоқтатылады, дегенмен ләпсіге тыйым салып, ораза ұстаған адам өзара пікір алысып, әңгімелесіп, кітап оқулары, тәңірге құлшылық етуі, дау-шарларды басуы, қайыр-садақа беруі, т.б. ізгі істермен айналысуы керек. Бүкіл рамазан кезінде барлық ересек мұсылмандар ораза ұстауға міндетті. Тек белгілі бір жағдайларға байланысты мұрсаты келмейтін адамдар (ұзақ сапарға шығу, жат елде болу, соғыс, тұтқын, сырқат т.б.), өз әрекетіне жауап бере алмайтын кісілер (есінен адасқандар мен қояншық ауруы барлар), сондай-ақ жасы үлғайған адамдар, аяғы ауыр және емшекте сәбиі бар әйелдер, ораза ұстауға кедергі келтіретіндер бұл парыздан босатылады. Рәсім тазалығы жоқтардың: етек кірі келіп жүрген әйелдердің, жазасын өтеп бітпеген қылмыскерлердің, күнәсі көшірілмеген күнәарлардың ораза ұстауына рұқсат етілмейді...

(Ислам энциклопедиясы. - Алматы, 1995. 143-бет)



**ЖАРИЯЛАНБАҒАН ЖӘДІГЕР**

**Түрік сарбазы жайлы шындық**

5-бет

**Ақ үй үшін айқасқандар**

сайлаудың бірінші бөлімінің аяқталуына дейінгі 3 айда өздерінің сайлау компанияларына 250 млн. доллар жұмсады...

4-бет

**БАРМАСАҢ, КЕЛМЕСЕҢ...**

**Сапарларын сәтті болсын!**

Шығыстану факультетінің бір топ студенті Ландчжоу университетіне оқу-тәжірибе жинақтау мерзіміне аттанбақ...

2-бет

**ОНДАЙ БОЛМАҚ ҚАЙДА ДЕП...**

**Скрипканың атасы қобыз қалай пайда болған?**

6-бет

### Баспасөз-2001

<b>АБОНЕМЕНТ</b>		Басылым индексі									
"Қазақ университеті" газеті		65989									
1 жылға жазылу бағасы	521 теңге	Комплекті саны									
2001 жылға, айлары											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
қайда _____											
(почта индексі) _____ (мекен-жайы) _____											
кімге _____											
<b>"Қазақ университеті" газеті</b>		ТАСЫМАЛДАУ КАРТОЧКАСЫ									
ПВ	орны	Басылым индексі	65989								
Бағасы	жазылу мекен-жайын өзгерту	...теңге	Комплекті саны								
2001 жылға, айлары											
қайда _____		кімге _____									
почта индексі _____		(мекен-жайы) _____									
(аты-жөні) _____											

**Қадірлі оқырман! "Қазақ университеті" газетіне жазылыңыз!**

1 айға - 43 теңге 48 тиын,  
3 айға - 130 теңге 44 тиын,

6 айға - 260 теңге 88 тиын  
12 айға - 521 теңге 76 тиын



## ФАКУЛЬТЕТТЕ

Үстіміздегі жылдың 9-қарашасында Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің журналистика факультетінде көрнекті жазушы-публицист Әнуарбек Тұрлыбекулы Әлімжановтың туғанына 70 жыл толуына арналған "Ә.Әлімжановтың қазақ әдебиеті мен журналистикасын дамытудағы рөлі" атты республикалық ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Қаламгер-қайраткерге  
тағзым

Оны мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі, доцент Б.Ә.Жақып жүргізіп отырды. Конференцияда

Қазақстан Журналистер Одағының төрағасы К.С.Смаилов, "Балдырған" журналының бас редакторы,

ақын Т.Молдағалиев, жазушы-сатирик Ғаббас Қабышев, "Қазақстан-СОРОС" қорының президенті, жазушы-сыншы М.Әуезов, тағы басқалар мінбеге көтеріліп, қаламгер-қайраткердің шығармашылық өмір жолынан, қайраткерлік бел-белестерінен мол мағлұматтар берді.

Сондай-ақ, қонақтар факультет жанынан құрылған "Қарлығаш" ұлт-аспаптар ансамблінің концертін тамашалады.

Өз тілшіміз.

## РЕСПУБЛИКАДА

4 ноября нынешнего года в национальном государственном музее была представлена новая коллекция от "haute – couture" Домом Высокой моды "ОХИ".

## Показ новой коллекции

Среди гостей показа присутствовали элита и пресса. Среди элитного слоя были иностранцы, также известные личности, такие как Роза Рымбаева, "А-студио" и Куралай Нуркадилова. Показ был приурочен и празднованию юбилея легендарного города Туркестан.

Глава Дома "ОХИ" и автор коллекции Оксана Корби поразила меня своим возрастом, но тем не менее ее фантазиям не было границ...

Показ начался еще с улицы. У фасада здания были разожжены костры, а прямо в центре стоял страж у жертвенного алтаря и трубил о давно ушедшем времени, все эти действия происходили под громкую мистическую музыку.

Поражало воображение: слияние культур древней и современной. Оксана Корби в своих творческих разработках использовала атрибуты нескольких эпох. А

начинает она тему с V века, с зарождения города Яссы.

Коллекция разделена на 6 блоков. Каждый отражает определенную эпоху. В первом блоке девушки в огненных нарядах представляют наше языческое прошлое. Во втором - наряды более приближены к современности. Женственная и романтическая Оксана Корби, в основном, использовала огненно-красный цвет, т.к. именно этот цвет являлся символом огня поклонения.

В процессе показа каждого блока зрителя окружили атмосфера определенного времени, эпохи. Это было невероятное зрелище! И наконец, шестой блок! Парижские модели современной моды!

А.КЕНЖЕБАЕВА.

## ТӘЖІРИБЕ

## Алғашқы әсер

Мен биылғы өндірістік тәжірибе жұмысымды "Қазақстан-1" ұлттық телеарнасында өткіздім. Бірінші күннен бар ынталмен жұмысқа араластым. Қызығушылық, құмарлық сезімді жасыра алмадым. Бұрын тек теледидардан көретін журналистерді енді көзбе-көз көруге, олармен танысуға мүмкіндігіне ие болдым.

Теледидардан белгілі журналист Өмірсерік Жұман жүргізетін "Елім менің" хабарын көріп, осы хабарға өзім қатыссам ғой деп ойлайтынмын. Сол ойым іске асты. Осы тәжірибеден өту кезінде аталмыш хабарға қатысу мүмкіндігіне ие болдым.

Экраннан көргенде Ө.Жұманды қатал кісі деп ойлайтынмын. Ал өзім көргеннен кейін ол ойым теріске айналды. Ол кісі өте жұмсақ, ақылды, көңілді адам екен. Оны байқаған себебім, хабарға дайындық барысында режиссер қатаң сөйлесе де Өмірсерік ағай қалжыңдап, жұмсақ қана жауап берді. Соған таң қалдым.

Тағы бір қызығы, ешқашан араласып көрмеген Қарақалпақстан қазақтарымен бір студияда отырып, олар туралы көп нәрсе білдім. Осы "Елім менің" хабарына қатысқан қонақтар айтқан бір сөз ойымнан кетпей қойды. Қарақалпақстан қазақтары қазірдің өзінде бидай нан емес, жарма нан жейді екен.

Бірінші рет сюжет түсіруге орталық мұражайға бардым. Қолыма микрофон алып, камера алдында сөйлегенде өзімді нағыз журналист сезіндім.

Алғашында асқақ көңіл буырқанған теңіз іспеттес қуаныш пен толқу сезімдері бойымды билеп алды. Уақыт өте бұл толқу мен қуаныштың ізі де қалмады. Микрофон алдында өзімді еркін ұстап, батыл сөйлей алатын болдым. Бірнеше сюжет түсіріп, монтаж жасап, мәтін жазуды үйрендім.

Иә, мен өзімнің тәжірибе жұмысымды кез-келген адамға қуанышпен, мақтанышпен айта аламын. Бұл менің "журналист болам" деген арманымның алғашқы сатысы болып қалады.

Бота ӘЛІМҚҰЛОВА

## Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 90 ЖЫЛ

## Рух сыйлаған сәт

24-қарашада филология факультетінің М.Әуезов атындағы әдеби бірлестігінің ұйымдастыруымен халық батыры, жауынгер-жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 90 жыл толуына арналған "Қайсар рух" атты әдеби-музыкалық салтанат өтті.

Кіріспе сөзді бірлестік жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.С.Тұрысбек сөйлеп, ашты. Сондай-ақ, батыр бюстінің ашылу салтанаты болды. Салтанат әсем ән, күмбірлеген күй, мазмұнды жырмен әрленіп жатты.

Өз тілшіміз.

## БАРМАСАҢ, КЕЛМЕСЕҢ...

## Шетелдіктер ҚазМУ-ге неге құмар?

Қазір ҚазМУ-де 200-ге жуық шетел азаматтары оқуда. Дайындық бөлімінде оқып жүрген Қытай, Түркия, Корея, Жапониядан келген болашақ студенттердің мақсаты жайлы бірнеше сұрақ қойған едік.

1. АТЫ-ЖӨНІҢІЗ, ҚАЙ ЕЛДЕН КЕЛДІҢІЗ, НЕ СЕБЕП БОЛДЫ  
2. ӨЗ ЕЛІҢІЗДЕГІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНАН БІЗДІҢ ҚАЗМУ-  
ДІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ ?

**ЧАЙ ЧАЙИН:** - Қытайдың Шыңжаң ауданынанмын. Мұнда негізінен орыс тілін үйрену үшін келдім. Себебі, Ресей алыстау, әрі онда қымбатырақ. Бұрын балерина болғым келетін. Тіпті, ұлы композитор Чайковскийдің фамилиясына менің фамилиям ұқсас екендігін мақтан ететінмін. Ал, қазір ҚазМУ-демін. Бұл оқу орны Одақ кезінен белгілі. Айырмашылығына келсем, мұнда білім де сапалы беріледі. Өз басым Қытайдағы білім системасын ұнатпаймын. Себебі, онда танертеннен қара кешке дейін, тіпті түннен таңға дейін оқисың. Ал, соңында еш білімсіз шығасың. Яғни, сонша уақыт ысырап еткенде еш нәрсе үйренбейсің. Ал мұнда аз оқытқанмен, саз оқытады.

**ТАКАЮКИ МУРАКАМА:** - Жапонияның Осака қаласынан келдім. Мақсатым - орысша үйрену. Осынан тілді үйреніп, Мәскеудегі авиация институтының аэро-инженерлік факультетіне түспекшімін. Жапония мен Қазақстандағы оқу орындарының арасында пәлендей айырмашылық жоқ, тек баға алшақтығы көзге ұрады. Мысалы, мұнда мен 2000 АҚШ долларын төлеп оқудамын. Ал Жапонияда - 9000 АҚШ долларына білім алар едім.

**БИ СУ ТИН:** - Оңтүстік Кореяның астанасы Сеулденмін. Дәл осы Алматыны, ҚазМУ-ді таңдауыма анам себепші болды. Мақсатым - орысша үйрену. Ал Корея мен Қазақстан университеттерінің айырмашылығы өте үлкен деп ойлаймын. ҚазМУ-де шетелдік студенттер өте көп екен. Ал Корея университеттерінде шетелдік студенттер аз, тіпті, жоқтың қасы дегуге болады.

**КОРКМАЗ ДЖАН:** - Түркияданмын. Мұнда Йылмаз деген досымның айтуымен келдім. Ол былтыр ҚазМУ-ді бітірген. Ал, айырмашылығын айтсам, мұнда - арзан, бар-жоғы 1000-ақ доллар төлесек, Түркияда - 3000 доллардан жоғары. Мұнда білімді де сапалырақ бере ме деймін.

Дайындық бөліміндегі шетел азаматтарынан сыр тартқанда, осы жайларға қанықтық. Олардың бәріне де ҚазМУ білім сапалығымен ұнайды және бағасы да арзан. Ал, енді факультеттерде оқитын шетел студенттерінің бұл жерге қалай келгенін, оқу барысын сұрағанымда, журналистика факультетінің 3-ші курс студенті **КАЛКАН ХУЛУСИ:**

- Негізі, бұрын экономист болуды армандайтынмын. Кейін көзқарастарым өзгеріп, журналист болуға бет бұрдым, - дейді. - Түркияда журналистика саласында қызмет істеу өте қиын. Ал сіздерде анағұрлым оңай екен. Оқу бітірген маман өте қатты қадағалаудан өтеді, - деп өзінің де егер Түркияға барып жұмыс істегісі келсе, арнайы емтиханнан өтуге көп күш-қажырын кетіруге тура келетінін айтады. Сіздерде білім сапалы әрі арзан. Мысалы, Түркияда 1 жылға - 2000-3000 доллар төлесе, сіздерде 600-1000 доллар төлейді, - деп ағынан жарылады Хулуси.

Осыны естіп ойға қаласыз. "Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен" деп аталарымыз тегін айтпаған екен ғой. Біздің кейбір жастар тегін оқуды да оқығысы келмейді. Ал бұлар сапалы да арзан білім іздейді. Бұлардағы қызметке түрудің қиындығын қорғайсыз бе? Ал бізде "ана жердегі көкем сау болсын" немесе "мына жердегі тәтем аман болсын" деп таныстыққа сенетіндер ойлана ма?

Гүлнәр Мұқанова

## Сапарларың сәтті болсын!

Шығыстану факультетінің бір топ студенті Ландчжоу университетіне оқу-тәжірибе жинақтау мерзіміне аттанбақ



**Досан ТОҚТАСЫНҰЛЫ,** 21 жаста, Қытайға сапар шегіп бара жатқан бес студенттің бірі. Бұл бесеуі - шығыстану факультеті,

қытай тілі бөлімінің студенттері. Қытайға осы елдің тілін, тарихын, мәдениетін тәжірибе түрінде игеру үшін бармақшы. Олар Қытайдың Гансу провинциясына қарасты Ландчжоу қаласындағы Ландчжоу университетінде оқымақшы. Ал ең басты мақсат - тілдік орта көру, осы тілде еркін сөйлесу. Қаржылай көмекті Ландчжоу университеті өз мойнына алып отыр. Ал жол шығынын өз университетіміз өтейтін болады. Екі университет арасында осындай шарт бар екен.

Досан жүрер алдындағы жүздесуімізде өзін осы тілге 1-ші курстан бастап баулыған алайы Фатимаға ерекше ықыласын білдіргісі келгенін айтты.

- Бұл елді толық оқып, үйрену - мен үшін үлкен парыз, - деді, - Өйткені, әу баста ните қойып таңдап алған мамандығыңды кәсіби түрде игеріп алу үлкен бақыт, - деп өз сөзін аяқтады.

Сұхбатымыздың соңында Досанға сәт сапар, екі ел арасында дәнекер болуға септігі тисін демекпіз.

Жедел сұхбат алғандар:  
**А.РЫСБЕКОВ,**  
**Ғ.НҮРТУҒАНОВА,**  
**Ғ.МҰҚАНОВА**

- Аты-жөніңіз?

- Лаура Сағатбекова.

- Қай курстасыз?

- Шығыстану факультеті, қытай бөлімінің 4-курс студентімін.

- Кетіп бара жатқан университетіңіз жайлы не білесіз?

- Ландчжоу - Гансу провинциясының орталығы.

Біз осы қаладағы Ландчжоу мемлекеттік университетіне білім алуға бара жатырмыз.

Естүімше, студенттер қаласы десе болатындай жер екен.

- Сіз, қытай тілшісі, әрі тарихшысы мамандығында екенсіз. Ол жерде де тарихты оқисыз ба?

- Біз ол жерге негізінен таза тілді меңгеру үшін бара жатырмыз.

Жылына бізден бес адам барады екен. Біз - 8-ші буынбыз. Екі университет арасындағы тәжірибе алмасу бағдарламасы бойынша барамыз.

- Өздеріңіз өңкей қытайлар арасына бара жатырсыздар? Осыған дейін қытайлармен қатынастарыңыз болды ма?

- Әрине. Біздің ұстазымыз Чжао - Ландчжоу университетінің

профессоры, қытай тілін үйретуде оның еңбегі зор болды және 6-шы жатақханадағы қытай қыз-жігіттерімен ара-қатынас тіл ұстартудағы ең маңызды себеп болды.

- Қазіргі көңіл-күйіңіз? Жеті ай тіл үйренуге жеткілікті ме?

- Иә, қуаныштымын, тілді өз еліңде меңгергенге не жетсін. Шілдеге дейін біраз нәрсе білемін деп ойлаймын.

- Сізге көп рахмет. Үмітті ақтаныздар!



Рауан ДОСЫМБЕКОВА

- Рауан, сен қытай тілімен қанша жыл айналысып жүрсің?

- Үш жыл.

- Қытай тілі, қытай мәдениеті саған ұнай ма?

- Әрине. Қытай тілі ежелден келе жатқан тілдердің бірі, оның ұзақ тарихы бар. Ол негізінен өте күрделі болғандықтан, маған оны үйрену қызықты. Қытай халқының 5 мыңжылдың тарихы бар. Мәдениеті де бүкіл дүние жүзіндегі ең үздік дамыған мәдениеттердің қатарына жатқызамыз. Сондықтан да қытай тілін үйрену, оның халқын, мәдениетін, тарихын, дініне көңіл бөлу мәселелері мені өте

толғандырады.

- Сеніңше, Қытайға сапар саған келешекте қандай жетістіктер әкеледі?

- Мен үшін Қытайда болатын стажировка тілді одан әрі дамытып, білімді толықтыра түседі деп ойлаймын. Сонымен қатар, Қытайдағы ежелгі тарихи орындар, мәдени ескерткіштерді және көршілес Қытай халқымен етене танысу.



АКАДЕМИК ТЕМІРБАЙ БАЙБОСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

# Дарханбаев даналығы



**"Көп білген кемеңгер емес, білгенімен ел-журтына пайдасын тигізген адам кемеңгер", - дейді халық даналығы. Өмір тәжірибесінен алынған бұл қағидаға шүбә келтіру қиын. Кезінде еселі еңбегімен еліне көп пайдасын келтірген осындай абзал азаматтың бірі - академик Темірбай Байбосынұлы ДАРХАНБАЕВ еді.**

басшылығымен кезінде астықты аймақтың орталығы Қостанай, Ақмола қалаларында, еліміздің жетекші ғалымдарының қатысуымен талай рет конференция өткізілді. Конференцияда дәнді дақылдардың шығымдылығын, күзгі суыққа төзімділігін жақсарту жөнінде келелі мәселелер талқыланды. Зерттеу нәтижелері өндіріске ұсынылды. Бұл күндері астықты өңірде өсірілген бидай сорттары жоғары бағаланып, тұтынушыларын тауып жатса, ғалымдардың да қосқан үлесі аз еместігін атап көрсеткен жөн.

Темірбай Байбосынұлының ел алдындағы бұл еңбегі елеусіз қалған жоқ. Екі рет Ленин ордені және "Құрмет белгісі" орденімен марапатталды, Қазақ ССР-інің еңбек-сіңірген ғылым қайраткері деген атаққа ие болды.

Өсімдік биохимиясы - жан-жақты көпсалалы ғылым. Оның халық шаруашылығын дамыту саласында алатын орны ерекше. Мәселен, биохимияның құрамына енетін ферменттерді алып көрелік. Ферменттердің тамаша қасиеті сол, ол химиялық реакцияларды жүздеген есе

тездете алады. Астықтың, көкөніс бақша дақылдарының өнімділігін арттыру ісі осы жүйені жетілдіруге байланысты. Өсімдік денесінде фермент неғұрлым мол болса, оның өнімі де жоғары болмақ.

Ферменттің жасалу жолдарын, ықпал әсерін жақсарту арқылы картоп, капуста сияқты көкөніс дақылдарынан жоғары өнім алынып жүр. Осындай әдіс арқылы республикамызда қызылшаның қанттылығы кезінде 20-22 процентке дейін жеткізілген болатын.

Биохимияның көмегімен ғалымдар майлылығы 50 пайыздан асатын күнбағыс тұқымын да өсіріп шығарады. Өлбетте, өзіміздің күнде ішіп жүрген шәйіміз алғашқыда жасыл қапырақ күйінде жиналады. Бұл қалпында еш қажетке аспайды. Бірақ кейін биохимиялық реакцияның ықпалы арқасында оның дәмі де, түрі де мүлде өзгереді. Халықтың қажетін өтейтін тағамға айналады.

Биохимияның осындай табыстарын молайтуда Темірбай Байбосынұлының өзіндік қосқан үлесі айрықша. Ол биохимия және өсімдік физиологиясы саласындағы бірінші қазақ ғалымы. Оның тікелей басшылығымен

республикамызда биохимиялық мектеп ашылып, қалыптасты.

Ғалымның жетекшілігімен ондаған адам докторлық, отыздан аса шәкірттері кандидаттық диссертация қорғады. Ол студенттер арасынан ғылымға икемді, іздемпаз, зерттеушілікке бейімі бар жастарды жаңылмай тауып, оларға әрдайым қамқорлық жасады. Қазақ мемлекеттік университетінде ректор болып жүрген жылдарында Мұрат Айтқожинге үміт артып, Мәскеудегі Ломоносов атындағы университетке ауыстырған еді. Ғылыми зор табысы үшін өзі жетекшілік етті. "Қарағайға қарап тал өседі" дегендей, ол шәкірті үмітін ақтады. Бүкіл елімізге әйгілі биохимия ғалымы болды. Ғылыми зор табысы үшін Мұрат Айтқожин Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды. Қазақ ССР ғылым академиясының президенті болып сайланып, жемісті еңбек етті. Бергенінен берері көп еді. Өкінішке орай, ұстазының артын ала тым ерте дүниесі салды.

Темірбай Байбосынұлының мұнан басқа шәкірттері Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ф.А.Полымбетов, профессорлар Б.Н.Фурцова, Д.К.Калкенов,

А.Т.Ивищенко, Т.А.Щестакова және басқалары жоғарғы оқу кафедраларының жетекшілері болып қызмет істейді.

Темірбай Байбосынұлы ірі ғалым ғана емес, сонымен қатар белгілі қоғам қайраткері. Екі мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Одақтық министрлер жанындағы ғылым және техника комитетінің ғылыми советінің мүшесі болды. Көп жылдар бойы Қазақ ССР Ғылым академиясының президиумының мүшесі болып келді. Бүкілодақтық биология қоғамының қазақ бөлімшесінің төрағасы болып қызмет атқарды. Қай ортада жүрсе де өзінің іскерлік, ұйымдастырушылық, зерттеушілік қабілеті кішіпейілділік, адамгершілік қасиетімен көзге түсті.

"Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді". Темірбай Байбосынұлының да есімі, азы-көпті еңбегі, ашқан жаңалықтары жалғасып, өркен жайып, халық игілігіне пайдалана беріледі.

**Қасымхан ЕРСАРИН,  
Қазақстанның еңбек сіңірген  
мәдениет  
қызметкері, журналист.**

## АНА ТІЛІҢ - АРЫҢ

# Орысшасы - ойран, ағылшыншасы - айран, қазақшасы - қайран қазақ...

Жақында өз сөзін қазақша бір-екі сөйлеммен ғана әзер бастап, дереу орыс тіліне көшіп кетуді әдетке айналдырып алған лауазымды басшыларымыздың бірі өзінің ағылшын және орыс тілдерін жақсы білетіндігін мақтанышпен айта отырып, ана тілін білмейтіндігіне арланбайтынын да аңғарта кетті. Сондай көкеңі тәрбиесін көрген университетте оқитын бір шәкірт ініміз: "Қазір қазақ тілінің қоғамдық қызметінің аясы өте тар, сол себепті мен орыс тілінде сөйлейтініме қысылмаймын және уақытымның көбін ағылшын тілін тереңірек білуге арнаймын", - деді. Өзі де, балалары да орыс тілінде ғана сөйлейтін бір зиялы танысымыз: "Біздің қазекендер, тіл, тіл деп көп сарнай береді, жалпы қазақтардың бәрі де орыс тілін жақсы біледі. Тілдің ең басты қызметі - адам мен адамның түсіністігін, қарым-қатынасын қамтамасыз ету емес пе. Қай тіл арқылы түсінісіп жатқанымызда тұрған не бар. Мен қай тілде сөйлейтіндігіме қарамастан бәрібір қазақпын ғой", - деді. Әкесі қазақ, шешесі қазақ болғанмен жаны жатқа айналып кеткендігін өзі еш сезінбейтін бауырымызға "жоқ, сен қазақ емессің", - деп қалай айтарсың?

Жалпы, мұндай пікір қалыптасқан қандастарымыздың бірлі-жарым ғана емес екендігі күмән туғызбаса керек. Соңғы он шақты жылдың ішінде орыс тіліне қоса ағылшын немесе неміс,

француз тілдерін игеріп алып жүргенде туған тілімізді үйрене алмай жатуымыз, ұлт тілінде тәлім-тәрбие беріп, білім алуға асықпайтындығымыз оның ролін әлі де жете бағаламайтындығымызды көрсетіп отыр.

Сондықтан да өз тіліңді біл деп құрғақ ақыл айта беруден гөрі отбасында да, мектеп пен жоғары оқу орындарында да ұлт тілінің ұлттың жаны екендігін оның ұлттық мінез-құлықты қалыптастырып халқының өзіндік ерекшеліктерін бойға сіңіретінін жас ұрпаққа тереңірек түсіндірудің қажеттілігін көрсетеді. Ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты - тіл. Тілді тек бір ойды жеткізудің немесе қарым-қатынастың ғана құралы деп түсіну жеткіліксіз. Тіл, ең алдымен, ойдың өзін құраушы болып табылады. Ол жеке адамға ғана емес, сол тілде сөйлейтін адамдар тобына, халыққа, ұлтқа қызмет етеді. Тілсіз ұлт болмайды. Қай тілді болса да, сол тілді тұтынушы жұрттардың өздері жасайды. Сондықтан да кез келген тіл белгілі бір халықтың, ұлттың атымен байланысты болады. Мысалы, қазақ тілі, ағылшын тілі, араб тілі, жапон тілі, француз тілі, т.б.

Тіл ұлтпен бірге өркендеп, дамып отыратындықтан да ол бүкіл бір халықтың таным-түсінігінің, парасат-пайымының, көрген-білгенінің бәрін жинақтайтын қазыналы сарайына айналған. Өз тілінен қол үзген

адам сол рухани байлықтан сусындай алмайтындықтан ұлтының қасиеттерін бойына сіңіре алмай, өз ұлтынан жырақтап қалады. Көне грек ғұламалары адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігінің ең бірінші шарты - сол ұлттың тілін жақсы білуі деп тегіннен-тегін айтпаған. Өйткені тіл арқылы ұлттың бүкіл болмыс-бітімін тануға болады. Қазақтың аса дарынды ақын ұлы Мағжан Жұмабаев: "Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екіпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі - бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең. Тілі де бай. Осы күнгі түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай тіл жоқ", - деген болатын. Қазақ тілінің бай тіл екендігін оны зерттеген бірқатар шетел ғалымдары мен жазушылары да атап көрсеткені мәлім.

Бүгінде қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тілге деген құрмет - өз елімізге, Отанымызға деген құрмет. Сондықтан оны меңгеру - ұлтына, әлеуметтік тобына, жынысы мен тегіне қарамастан Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Ал ұлты қазақтардың ана тілін шала-

шарпы ғана біле салуы жеткіліксіз, олар өз ұлтының рухын сезініп, ұлттық қасиеттерін бойына дарыту үшін тілін жетік білуге міндетті.

Немістің өлемге әйгілі ғалымы Вилгельм фон Гумбольдт "Ұлттың өзіне тән іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа беруші күш - тіл" - дейді. Ана тілінде тәрбиелену арқылы адам ұлтының өзіндік қасиеттерін бойына жастайынан сіңіріп, ата-бабаларының ұрпағына қалдырған ең қымбат рухани-мәдени мұрасына ие болады. Ол мұраны әр буын өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырып отырады. Сөйтіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жалғастыра отырып, тұтастай бір ұлттың сақталуын қамтамасыз ету - тілдің ең маңызды қызметі. "Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе жоқ" дейтіндігіміз де сондықтан. Өз ұлтын шын сүйетін әрбір ұлтжанды азамат ана тілін жақсы біліп, ардақтаумен қатар оны көзінің қарашығындай қорғауға, қолынан келгенінше оның дамуы мен кең тарауына үлесін қосуға тиіс. Сонда біздің тілімізбен бірге ұлтымыздың да мерейі асқақтай түспек. Оған қол жеткізу үшін - ұлт тілінің қадір-қасиетін терең ұғынып, оның ұлт өмірінің айнасы екендігін түсінбеген жанның өз жұртының жүрек лүпілі мен тамыр бүлкілін сезіну қабілетінен айырылып қалатындығын ұлқыздарымыздың миына әбден сіңіре алатын ата-аналар, үлкендер болуы керек.

Біз сол міндетімізді атқарып жүрміз бе???

**Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ.**

## БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

ҚазМУУ-де "Бейбітшілік мәдениеті жолында" атты ЮНЕСКО-ның қолдауымен Халықаралық конференция өтті.

ҚазМУУ-де "Қазақстан Республикасындағы интеллектуалдық меншік: негізгі тенденциялар мен проблемалар" атты ғылыми ашық дөңгелек стол өтті. ҚазМУУ есірткіге арсы күресті насихаттауға арналған шығармашылық туындыларға (поэзия, проза, музыка, сурет, драматургия, театр) бөйге жариялады.

БИОФАКТЫҢ акт залында "Жастықтың әсерімен жалын атып" атты студент ақындардың университет көлеміндегі жыр мұшайрасы өтті.

ЖУРФАҚТА өйгілі дінтанушы Халифа Алтай бастаған Бекболат Мұстафин, Әмина Нуғыманова, Фалия Аюпова секілді иманды жандар Оразаның алдында имандылық сабағын жүргізді.

СТУДЕНТТЕР САРАЙЫНДА қазақ тілінде "Бәрекеңді" әзілкештер сайысының 2-туры өтті.

СТУДЕНТТЕР САРАЙЫНДА КВН бәсекесі жалғасуда. ӘСКЕРИ КАФЕДРАДА кафедра бастығы Э.К.Фридман "Әскери доктрина және ҚР Қарулы күштерінің реформасы" атты тақырыпта кездесу өткізді.

"ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ" БАСПАСЫНДА республикадағы интеллектуалдық меншіктің бағыттары мен проблемаларын талдаушылар пікір алысты.

"САНА" ТЕЛЕСТУДИЯСЫНДА студенттер тікелей эфирден университет аумағынан әлемдік жаңалықтар тарату бағдарламасын жасады



## САРАПТАМА

## АҚШ демократиясы немесе сайлау қорытындысы неге ұзаққа созылды?

Бірнеше күннен бері алты күрлықты аузына қаратқан АҚШ-та президент сайлауының нәтижесі шықты. Бұл сайлау - кандидаттардың қадамдарының теңдігімен жұрт есінде қалатын болды. Мұндай сайлауды 1960 жылдан бері АҚШ көрмеген-тін, яғни Дж.Кеннеди Р.Никсонды дәл осындай жағдайда жеңген болатын. Флорида...

Республикашыл Дж.Буш пен демократ А.Гор өздерінің бағын дәл осы штат шешеді деп ойламаған болар.

АҚШ заңы бойынша әр штаттың өзінің сайлаушылары болады да, халық өз дауыстарын соларға береді. Кем дегенде 270 сайлаушылар дайысын алған кандидат Ақ үйдің қожайыны атануы тиіс болатын.

Қарашаның 8-іне АҚШ уақытымен түнгі сағат 2-де Республикашыл Дж.Буш 224 дауыс алып, жеңіске жетті деп, дүниежүзілік БАҚ шулап кетті.

Демократ А.Гор бұған көнген сынай танытып, өз бақталасын күттықтады. Бірақ арада екі сағат өтер-өтпестен ол Дж.Бушқа қайта телефон шалып, өз сөздерін қайтып алатынын мәлімдеді. Себебі Флорида штатында саналмаған дауыстарымен 19 жәшік табылды әрі Дж.Буш А.Гордан бар-жоғы 1200 дауыс (0,5%) артық алған екен. АҚШ Конституциясы бойынша айырмашылық 0,5%-тен кем болса, дауыс қайта саналуы қажет. Сөйтіп, қайта санау басталып кетті...

А.Гор Пенсильвания, Мичиган секілді көп дауыс берілген штаттарды жеңгенімен, ол өзінің "туған" штаты Небраскадан кәсіпкерлік дауыс ала алмады. Тіпті, Б.Клинтон кезінде губернатор болған Арканзас та мұның бәсекелесінің пайдасына шешілді. Демократтар қаласы атанған Нью-Йорк қаласы мен Калифорния штатынан қолдау көргенмен, небәрі 25 дауысқа ие Флорида оның бағын байлады.

Қайта сайлауды талап еткен оның жақтастары - демократтар еді. Олардың талаптары орындалды. Бірақ республикашылдар А.Гор Нью-Мексикада аз дауыспен ғана ұтты, ал Айово-Висконсинде екі кандидат тең дәрежеде болды, бұл жерде де қайта сайлауды қолға алу керек, - деп, апелляцияға берді. CNN-нің айтуынша, бұл талп

- бюджетке өте қатты шығын. Мұның бәрі - иллюзия", - деп дәлелдеді. Ал Дж.Буш: Клинтон, Гор кезінде тек экономикаға көңіл бөлініп, оқу-ағарту, қорғаныс ұмыт болды! - деді. Мұнысынан оның бір кемшілігі - тек қорғанысты күшейтіп, экономиканы қоя салар ойы байқалды. Республикашылдар - демократтарды елдегі сайлау

құрылымын жоққа шығарды! - деп кінәласа, демократтар республикашылдарды ресми шешім шықпаса да Ақ үйдің өкімшілігін жасақтауда! - деп байбалам салды. Сөйтіп, 10 күн шешусіз шырғауықтай шиеленіскен сайлау өз межесіне жетті. Бұл сайлаудың қорытындылары көп кешігіп, АҚШ халқының алаңдаушылығын да туғызды. Тіпті Президент Билл Клинтонның Нью-Йорк қаласынан сенатқа сайланған зайыбы Хиллари

Клинтон: "Бұл 2 ғасыр бұрынғы сайлау тәртібі. Ол кезде халық санасы төмен еді. Яғни, бұл көнерген тәртіп. Сенатқа барғандағы алғашқы жұмысымы осы заң тәртібімен шұғылдану болады!" - деді экс-бірінші леди.

Дж.Буш 1946 жылы 6 шілдеде Нью-Хавен қаласында дүниеге келген. Иель университетінің тарих факультетін, кейіннен Гарвардтағы бизнес-мектепті тәмамдаған. Соңғы 5 жылдан бері Техас штатының губернаторы Рейтер агенттігінің мәліметтері бойынша, Дж.Буш басқарған кезде Техас штатында АҚШ бойынша ең көп өлім жазасы кесілген. Яғни 35 адам өмірмен қотқасқан. Оның позициясы Б.Клинтон А.Горға қарағанда қатандау болады деп күтілуде. оның вице-президенттікке таңдағаны - еврей ұлтынан болғаны, Израиль-Палестина қатынастарында, Израильге бүйрек бұруы мүмкін.

Гүлнәр МҰҚАНОВА

### Ақ үй үшін айқасқандар



Дж.Буш

Сайлау алдындағы қорына көп жинаған да Буш болды (73 млн. доллар). Оның ең басты қарсыласы - демократиялық партия ұсынған қазіргі вице-президент Альберт Гор және 9 наурызда сайыстан шығып кеткен республикашыл Джон Маккейн, сондай-ақ демократ Билл Брэдли әрқайсысы шамамен 35 млн. доллар жұмсады.



А.Гор

орындалғанда, АҚШ-та конституциялық кризис болар еді Республикашыл Дж.Буш та, демократ А.Гор да АҚШ - халқынан өз электоратын таба білді. Испан тілін еркін меңгерген Дж.Буш - Латын Америкасынан келген халықтан, орташа табысы жылына 25000-50000 \$ құрайтын отбасылардан қолдау тапса, А.Гор - 25-ке дейінгі жастардан, кәсіподақ мүшелерінен, жалғызбасты әйелдерден өз дауысының көпшілігіне ие болды.

Дж.Буш - өз бағдарламасында сыртқы саясат, қорғаныс күштеріне мән берсе, А.Гор - Б.Клинтоннан қалған сара жолдың ізімен экономикасы дамыта беруге уәд берді.

А.Гордың кемшілігі, ол зейнеткерлерге: "қымбат дәрі-дәрмектерді өте арзанға түсіремін", - деді. Ал эксперттер: "ондай дәрілердің құны 7000-10000 \$ көлемінде. Оны арзандату дегеніміз

## АРМАНСЫЗ АДАМ ЖОҚ

## Мен президент болсам...

Президент - бұл ел басшысы, ел туын ұстаушы. Президент - ең биік лауазымды адам, бұл бөрімізге де белгілі. Бірақ сол ең биік лауазымды тулғаның жан-дүниесі мен ақыл-парасатын танығысы келген жұртшылық аз-ау деймін. Бұлай деп айтатыным, сайлау кезінде "бәріміз бас көтеріп" ханымызды сайлаймыз, бірақ 15 млн. тұрғылықты халықтың жартысынан азы ғана "ау, мен кімді сайлаймын?" деген сұраққа жауап іздегендей болады.

Мен де Қазақстанның 15 млн. халқының санатындамын. Бірақ әлі ел басының тағдырын шешуге атсалысқан жоқпын. Бір анығы, болашақта жоғарыда аталып өткен сұрақ менің де алдымнан шығатыны. Мен қандай президентті талап етемін?

Ел! Елдің де, халықтың да қадірін көрсететін - оның басында отырған ел басшысы. Ел арманың, халық тілегін орындай оңай жұмыс емес. Ол үшін халық арманы - сенің арманыңа айналуы керек. Ел туын аспанға желбіретемін деп өз қолыңа алғаннан соң, бар күш-қуатыңды, ақыл-парасатыңды аямай жұмсау - әрбір "мен - қазақпын!" дегеннің мақсаты. Халықтың мұның мұндау, жырын жырлау ел басы үшін аз. Елдің ынтымағын, тәуелсіздігін сақтап қалу төгу үшін жүрегің "қалың жұртым" деп лаулап арманы да, халық тілегі елді де болашаққа сол арман соңынан жүрегі ақ, қажыр-қайраты азаматты талап етеді.



ҚР Президенті  
Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Өзімнің президент болмайтыным белгілі. Бірақ менің белгілі бір мекеменің немесе БАҚ-тың басшысы болып қызмет атқаруым мүмкін. Ондай жағдайда мен өзіме-өзім есеп беріп, халықтың алдындағы жауапкершілігімді сезінуім керек. "Ауызбен орақ орау оңай" демекші, мен "ананы-мынаны жасаймын" деп кейбіреулерше кеудемді қағып, көпірмес едім. Ата-бабаларымның, әке-шешемнің бойыма сіңірген жақсы қасиеттерімен сусындап, мемлекетке, еліме шамамның келгенінше, ақылымның, қолымның жеткенінше адал болып, еңбек сіңіруден тайынбас едім. Қандай қызмет атқарсам да пайдалы жоспар, жобалар жасап, соны тиімді пайдалану және ерқашан да өкем сияқты болу (бастық, президент болмаса да).

"Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан" деп Абай атамыз айтқандай, дүниенің бір кірпіші болып, бос тұрған кетіктің орнын толтыруым, қандай қызмет атқарсам да (ұстаз, тігінші, дипломат, журналист, малшы, т.б.) заң алдында, халық алдында жауапты екенімді ұмытпауым керек. Ал, президенттерге Қонаев, Рузвельт, т.б. сияқты ел басшыларының үлгі-өнегесін ұсынған болар едім.

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ

Мен президент болсам... онда мен ең алдымен халықтың жағдайына қарар едім. Яғни,

Елімнің, Жерімнің көркеюін, зейнеткерлердің зейнетақыларын, жалпы халықтың жалақыларын көбейтіп, уақытылы берілуін қадағалар едім. Себебі, олардың бар тапқандары жанұясына жетпей жатады. Елімізге келсек, сыртқы экономикалық қатынастардың бір қалыпты болып тұруын қарастырып, қазіргідей шикізаты көп жерлерді шет елдерге жалға беріліп жатқандарды, тоқтатып, көптеген керекті зауыттар, фабрикалар салып, өз елімізге қажетін тигізер едім.

Қазір біз әр нәрсені тойлаудамыз. Міне, осы тойларға кетіп жатқан қаржыға жұмыс орындарын ашып, елдегі жұмыссыздықты жоюға әрекет жасар едім. Елімізде қазір шет ел азаматтары көбейіп кетті, егер де соларға басқа елдердегідей: "тілді білмесе, үш күннен артық тұруға болмайды" дейтін болса, емін-еркін келуін тоқтатып, қазақ тілі жоғарыда тұратын еді. Ал, бізде орыс тілін білсе болды деп жүре береді. Міне, осы шараларға да қарар едім. Жалпы келгенде, халқымыздың жағдайына қарар едім.

Айман ҚАНЗАТОВА

## АЙМАҚТЫҚ ҚАҚТЫҒЫС

## Таяу Шығыс - ең күрделі мәселе

Халықаралық қатынастар тарихында ең күрделі, ұзаққа созылған, сонымен қатар осы күнге дейін шешімін таппаған мәселе - Таяу Шығыстағы жер дауы мен ұлтаралық қақтығыстар. Нақтырақ айтатын болсақ, палестиндықтар мен израилдықтар арасындағы қантөгістің соңғы нүктесінің өлі қойылмауы. Екі ұлт арасындағы қантөгіс өлем назарын өзіне аударып отырғандығына, міне, 50 жылдай уақыт болды.

Жаңа тарихқа көз жүгіртсек, 1948 жылы мамыр айының 14-нен 15-не қараған түні Таяу Шығыс аймағының саяси картасында Израиль мемлекеті пайда болды. Сол кезеңнен бастап бұл мемлекет өлемдік саясатта тәуелсіз саяси субъект ретінде тарих сахнасына шықты. Израиль мемлекеті, тек сол өлкедегі еврейлердің мекені ғана емес, сионистік мемлекет, яғни бүкіл өлемдегі еврейлердің тарихи Отаны болып жарияланды. Бүкіл өлемдік сионистік ұйымдармен тығыз байланыстағы Батыс державалары Палестина жерінде Израиль мемлекетін құруда белгілі бір мақсаттарға сүйенді. Анығырағы, стратегиялық

мақсаттар. Біріншіден, Палестина шикізат көздеріне бай, экономикалық жағынан аса тиімді Оңтүстік Батыс пен Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне, Парсы шығанағы мен Қиыр Шығысқа баратын жолда орныққан мемлекет. Екіншіден, Палестина жерінде табиғи байлықтарға қоса Назарет пен Хевронда, Қызылтеңіз бен Иордан өзені жағалауларында христиан, иуда, ислам діндеріне қатысты көптеген мәдени шаралар сақталған.

Белгілі бір тарихи себептермен басқа елдерге кетуге мәжбүр болған еврейлердің Израильге қайтып оралуына қолайлы жағдай туды. Дүниенің түкпір-түкпірінен ондаған мың еврейлердің бұл елге қайта қоныс аударуы бүкіл араб дүниесінің наразылығын туғызды. Өйткені, Палестина географиялық, тарихи, ұлттық тұрғыдан қарағанда VII ғасырда құрылған Араб халифаты кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейін барлық Арабтардың ажырамас бөлігі болып саналады. Жарты ғасыр ішінде Палестин-

Израиль мәселесіне арналған елеулі кездесулер мен келіссөздер, әртүрлі конференциялар сан рет өтсе де, одан ешқандай оңтайлы нәтиже шықпады. Екі ұлт арасындағы қақтығыстар осы күнге дейін жалғасын тауып отыр. Осыдан екі айға жуық уақыт бұрын басталған Палестина жеріндегі кескілескен қантөгіс қарқыны күннен-күнге күшеймесе, өлі саябырсы қойған жоқ. Мысырдың Шарм-аш-Шейх қаласында АҚШ президенті Билл Клинтонның арағайындығымен болған Израиль Үкіметінің басшысы Яхуд Барак пен Палестина жетекшісі Иасир Арафат арасындағы келіссөз жанжалды бейбітшілік орнатуға БҰҰ әскерінің қуаты жете ме, о жағы өзінде беймәлім болып отыр. Бір анығы, шынайы азаттыққа қол жеткізбейінше ұлттық рухы басылған Палестина халқы ұлт-азаттық күресін тоқтатпайтынын уақыттың өзі дәлелдеп берді.

Кейінгі уақытта өлем назары Орталық Азия мен Қазақстанға да ауа бастады. Кейбір саяси сарапшылар бұл аймақтарда саяси тұрақсыздықтың болуы мүмкіндігін

жиірек айтатын болды. Оған Ауғанстанның 95 пайыз жерін өз бақылауына алған әсірешіл исламдық бағыттағы "Талибан" қозғалысының аймақтағы әрекеті себеп болады деп пайымдалып отыр. Уақытты оздырмай, шұғыл түрде аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында Орта Азия мемлекеттерінің басшылары жиірек бас қосатын болды. Оған дәлел ретінде жақында өткен Бішкек кездесуі және Ресей президенті В.Путин мен Пәкстан басшысы Первез Мұшарафтың Астанаға келіп, Елбасымыз Н.Назарбаевпен кездесуін айтуға болады. Басталып кеткен жанжалды дер кезінде бейбіт жолмен тоқтату қиынға соғатын шаруа. Жиырмасыншы ғасырда болып өткен сан түрлі соғыстарды тоқтатуда адамзат баласы біршама дәрменсіздік танытқаны белгілі. Яғни ғылым мен техникаға байланысты күрделі мәселелерді сәтті шешкенімен, бейбітшілік мәселелерін шешуге келгенде тығырыққа тіреліп отырады. Таяу Шығыс мәселесі осыған мысал бола алады.

Арыстан РЫСБЕКОВ, халықаралық журналистика кафедрасының студенті.



**Белгілі ғалым, педагог, профессор Марат Барманқұловтың түрік дүниесі туралы жарық көрген кітаптары өз алдына, қазақ оқырманына жетпей жатқан мұралары қаншама.**

**Солардың бірін жазушы, профессор Абдулхамит Мархабаев қазақ тіліне аударып, редакциямызға ұсынған еді.**

**Туңғыш рет жарияланып отырған бұл мақаланың жалғасын газетіміздің келесі санынан оқисыздар.**

Далалықтар, нақтылап айтқанда, түріктер қатысқан шайқастарды баяндаудағы қыңыржақ қасаңдық, әдетте басымырақ түсіп жүр. Бірбеткей қалыптасқан бұл сипаттау оларды “қиық келген ашкәзді”, ауыздары сарымсақ сасыған, адамды аяп, мүсіркеуді білмейтін қатыгез, қабілетті ікемдігімен емес, жеңіске құмырсқадай қалтаған көптігімен жететін жабайылар деп көрсетуге бейім тұрады. Бұл ретте Янның “Батыйы”, болмаса Исаяй Калашниковтың “Қатал ғасыры” туралы не деуге болар еді?

Біз оларды басқа бір қырынан көрсеткіміз келеді. Әрине, өзгеше бір сипатта суреттеу мақсатында емес, жеңілгендерді қолпаштап көтеру үшін де емес. Егер жау неғұрлым карабайыр, неғұрлым ноқай болып келсе, ол солғұрлым әлжуаз, тіпті, жеңіліс тапқандардан бетер нашар болып көрінеді емес пе? Өйткені, жеңілгендердің, әлгіде айтқандай, мардымсыз күштерге шамасы келмеген болып шығады ғой.

Жоқ, тіпті де олай емес. Қыңыржақ қасан қалыптан бас тартуымыз әлдебір патриоттық сезім жетектегендіктен немесе біреулерге жақсы көрінуге тырысушылықтан да емес, сонау бір алыс жылдарда болған шындықты өз көзімен көргендердің айғақ болар деректеріне арқа сүйегендіктен.

Біздің жалғыз-ақ қояр кінәміз, оның өзі де нақты біреулерге емес, жалпы алғанда, мынада болып отыр. Өкінішке орай, жоғарыда аталған кәуе деректерді жазушылар күні бүгінге дейін ескермеген. Бұған қазіргі плюрализмнің де септігі тимей отыр.

### 1. Домбыра... ұрысқа үндейді

Марко Полоның соғыс жайлы баяндауы осы себептен де мүлде бұрын ойланбаған тұстан шығуы мүмкін. Иә, иә. Италиядан келген саудагер көпес Шыңғыс әулетінің ордасына сапаршылап келіп, оларға татар деген атау берген. Оның сипаттап жазуында тамақ жыртықан дарақы үн емес, керісінше... құлаққа ән мен күй естіледі. Мұндағы далалықтардың ұрыс алдында күй тартатын ескі ішекті аспабы - қазақтың домбырасын еске түсіреді. Сенбейсіз бе? Дәлме-дәл үзінді келтірейік: “Өздерінің жолбасшысының нақары дабыл қақпайынша татарлар ұрысты бастамайды; дабыл қағылысымен олар шайқасқа кіріседі. Татарлардың мынадай ғұрпы да бар: сарбаздар дайындалып, ұрыс алдын тосып тұрғанда, нақар дабыл қаққанша, ән салып, екі ішекті аспапта баяу ырғақпен күй шертіп тұрады; әндетіп, күй тартып, көтеріңкі көңілмен шайқас сәтін күтеді... олардың тамаша әні мен күйіне таң қаласын” (Марко Полоның әлемнің әркімшілігі туралы кітабы. Алматы, “Ғылым”, 1990, 194-бет). Сөз жоқ, олар әнді шиыршық атқан жүйкені босату үшін, белгілі бір психологиялық көңіл-күй орнату үшін шырқайды.

Бұл ретте “нақар” деген парсы сөзі - “дауылпаз”, “кимвал” деген ұғымды білдірсе, “екі ішекті аспап” деген не болмақ? Домбыра ма, әлде? Олай болуы әбден мүмкін! Оның үстіне осы сипаттау: “Бұл жерде ұлы Түркия (Түркстан) туралы айтылады” деген тарауда келтірілген.

Әрине, бұл баяндаулар оның

Янның да, Калашниковтың да, басқа авторлардың да кітапханасына түспеуі мүмкін. Өзінің естелігін 1298 жылы жазған Марко Поло да бұған кінәлі емес.

